

Тасқала ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы

Батыс Қазақстан облысы Тасқала ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 9 желтоқсандағы № 295 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 10 желтоқсанда № 5886 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Заңдарына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тасқала ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Аудан әкімі аппаратының басшысы осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Баяндыковқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы

А. Баяндыков

" К Е Л І С І Л Д І "

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Батыс Қазақстан облысы полиция департаментінің
Тасқала ауданының полиция бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ Н. Шамғалиев

"25" қараша 2019 жыл

Аудан әкімдігінің
2019 жылғы 9 желтоқсандағы № 295
қаулысына қосымша

Тасқала ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері

Көтермелеудің түрлері

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеудің түрлері:

- 1) Құрмет грамотасы;
- 2) Алғыс хат;
- 3) Ақшалай сыйақы.

Көтермелеудің тәртібі

2. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу мәселелерін Тасқала ауданы әкімдігімен құрылған қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын, қылмыстардың алдын алуға және ашуға ықпал еткен азаматтарды көтермелеу жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қарайды.

3. Қоғамдық тәртіпті сақтауда, қылмыстардың алдын алуда және жолын кесуде белсенді қолдау көрсеткен азаматтарды көтермелеу туралы ұсыныстарды Комиссияға қарауға "Батыс Қазақстан облысы Полиция департаментінің Тасқала ауданының полиция бөлімі" (бұдан әрі – полиция бөлімі) ұсынады.

4. Комиссия қабылдайтын шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады.

5. Көтермелеу түрін, соның ішінде ақшалай сыйақы мөлшерін, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесін ескере отыра, Комиссия белгілейді.

Ақшалай сыйақының мөлшері

6. Ақшалай сыйақының мөлшері комиссиямен белгіленеді және ол 10 еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайды.

7. Ақшалай сыйақыны төлеу Полиция департаментінің облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

8. Ақшалай сыйақыны төлеу үшін Комиссия қабылдайтын шешімге сәйкес, қосымша Полиция бөлімі бастығының бұйрығы шығарылады.

9. Көтермелеуге ақы төлеуге қаражат Батыс Қазақстан облысының Полиция департаменті шығыстарының құрамында жеке бағдарламамен көзделеді.

10. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға Құрмет грамотасын, Алғыс хатты, ақшалай сыйақы беруді Тасқала ауданының полиция бөлімі салтанатты жағдайда жүзеге асырады.